

Астана қаласындағы инфрақұрылымды дамыту және әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі шаралар туралы<*> ЕСКЕРТУ. Атауы және мәтініндегі сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.02. N 624 қаулысымен. ~ P980624

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278

Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Астана қаласының әкімімен бірлесе отырып бес күн мерзім ішінде Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңартудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жеті күн мерзім ішінде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіне қаражаты Астана қаласындағы инфрақұрылымды дамыту және әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыруға жұмсалатын 20 млн. АҚШ доллары сомасында заем беру туралы ұсыныстарды жинау мен зерделеуді ұйымдастырсын;

2) "Ақмола қоры" жабық акционерлік қоғамы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген заемшы және заемға қызмет көрсету жөніндегі агент болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.02. N 624 қаулысымен. P980624_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2)-тармақшасы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.07.03. N 635 қаулысымен. P980635_

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

1) Астана қаласындағы инфрақұрылымды дамыту және әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіне ұсынылған шарттар бойынша заем тартудың мүмкіндігі туралы;

2) аталған қарыз алу шарттарының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келуі туралы қорытындылар ұсынсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.02. N 624 қаулысымен. P980624_

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің және Әділет министрлігінің қорытындылары оң болған жағдайда, тиісті келісімдер жасасу және тартылатын заем бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру жөніндегі қажетті рәсімдерді жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК